

"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің

№ 2 хаттамасы

24-қыркүйек 2024 ж.

Саға ауылы

Күн тәртібінде

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 355 бұйрығының 3-тарау 12- тармағына сәйкес мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері. /Г.А.Жалмағамбетова./

Қатысқандар саны - 15

өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері-10

қамқоршылық кеңесінің мүшелері-9

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Г.А.Жалмағамбетова күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры Б.Х.Жангельдинге берді.

СӨЙЛЕУШІ:

Г.А.Жалмағамбетова - өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдары бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 2-тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Саға жалпы білім беру орта мектебінде кезектен тыс өткізілген №3 кезектен тыс педагогикалық кеңесінің шешімімен 2023 жылдың 02 мамырынан - 31 мамыр аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік - құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді) Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен

жарактандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды дайырлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үздік» деген қорытынды берілді. (слайден бағалау парағы көрсетілді).



Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Г.Қ.Үмбетова мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, «Мектепте соңғы үгідегі сенсорлық тақталардың жоқтығын сөзге тиек етті»,сонымен қатар магистрлер санын арттыру керек екенін ескертті.









Мектеп директоры Б.Х.Жангельдин бұл мәселенің күн тәртібіне тұрғандығын айтты.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтежелері "жақсы" деп бағалансын.
2. Берілген ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет – ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:  Г.Жалмагамбетова
Хатшы:  Р.А.Шотанова

Кеңес мүшелері:  Утепбергенова А.С
 Шотова Г.Қ
 Абилқайырова С.Қ
 Үмбетова .Г.Қ
 Саттарова .Л.Қ
 Қабылова Г.С
 Максимова М.О
 Дюсенбаева Ж.А.